

Есіл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 ақпандағы № 45/2 "Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 21 тамыздағы № 55/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 тамызда № 7332 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 8С-13/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 28.12.2023 № 8С-13/4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 19 ақпандағы № 45/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7072 тіркелген, 2019 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2 тармақта:

1) тармақша жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;"

10) тармақша жаңа редакцияда баяндалсын:

"10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;"

6 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

1) Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан;

2) Жеңіс күні – 9 мамыр;

3) Қарттар күні – 1 қазан;

4) Мүгедектер күні – қазанның екінші жексенбісі.";

9 тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"3) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.";

11 тармақта:

1) тармақшаның бірінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) облыстың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша атаулы күндер мен мереке күндеріне бір рет бірыңғай мөлшерде:";

1) тармақшаның екінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне:";

1) тармақшаның сегізінші абзацы қазақ тілінде жаңа редакцияда баяндалсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қарттар күніне:";

3) тармақшаның екінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан, колледждерде күндізгі нысанда оқитын студенттерге оқу орнымен жасалған нотариалды

куәландырылған келісім шарттың көшірмесінің, оқу орнынан анықтаманың, көрсетілген санатқа жататындығын растайтын анықтаманың, төлем туралы түбіртектің көшірмесінің негізінде – 100 пайыз мөлшерінде оқуының шығынын өтеуге;"

3) тармақшаның үшінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"аз қамтылған, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік-әлсіз топтарынан шыққан, жоғары медициналық оқу орындарында оқитын студенттерге уәкілетті органмен, ауданның медициналық ұйымымен және студент арасында жасалған үш жақты келісім шарттың, оқу орнымен жасалған, нотариалды куәландырылған келісім шарттың көшірмесінің, оқу орнынан анықтаманың, өтініш берушінің көрсетілген санатқа жататындығын растайтын анықтаманың, төлем туралы түбіртектің көшірмесінің негізінде – 100 пайыз мөлшерінде оқуының шығынын өтеуге;"

14 тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"14. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:"

15, 16 тармақтар алынып тасталсын;

18 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе қала, кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.";

19 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"19. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.";

22 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"22. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.";

24 тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе қала, кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

А.Господарь

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Ағымбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Есіл ауданының әкімдігі